



/Бекітемін:

№218 орта мектеп директорының м.а.

Е.Т.Елдеев

**№218 орта мектебінде ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға
жайлы орта құру және психологиялық-педагогикалық қолдау
көрсету мақсатында педагог-ассистенттің 2022-2023 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары**

Педагог – ассистент: Сағынбаева Тамара Төлегенқызы

2022 – 2023 оқу жылы

Жоспардың мазмұны:

2022 – 2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау үшін төмендегіше нормативтік ұсынымдар басшылыққа алынды:

1. ҚР Білім туралы заңы (2013.04.07 жылы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы
3. ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы
4. ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 121 бұйрығы (2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгерістер енгізу)
5. 2022 – 2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. Нұр-Сұлтан, 2022 ж
6. Жалпы білім беру процесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қолдау бойынша педагог – ассистенттерге арналған әдістемелік ұсынымдар. Астана, 2018 жыл
7. Конституцию Республики Казахстан, «Конвенцию о правах ребенка», Трудовой кодекс Республики Казахстан, Законы Республики Казахстан «Об образовании», «О правах ребенка в Республике Казахстан», «О специальных социальных услугах», «О социальной медико-педагогической и коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», «О борьбе с коррупцией», «О языках в Республике Казахстан» и другие нормативные правовые акты Республики Казахстан, определяющие направления и перспективы развития образования.

Жоспардың мақсаты:

«Біз бірдейміз» жобасы аясында жайлы орта құру. Психологиялық-педагогикалық қолдау арқылы білім алатын оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерделеу, білім беру қажеттілігіне қарай бейімдеу, педагогикалық әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып барлық білім алушылар үшін тең білім беру мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету, ерте жастан түзете-дамыта отырып кәсіби бағдар беру, толыққанды жеке тұлға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

«Біз бірдейміз» жобасын іске асыру. Оқытудың әмбебап дизайнын ұсыну. Ерекше білім алуды қажет ететін оқушылардың сапалы білім алуын қамтамасыз ете отырып, қоғамдық ортаға тарту, түзету шараларының тиімділігін тәжірибе жүзінде ұсыну.

№	Жұмыс бағыттары	Жұмыс түрі	Мерзімі
1.	Диагностикалық бағыт	Әлеуметтік, психологиялық және оқу-білім дағдыларының статусын жіктеу мақсатында ерекше білім беруді қажет ететін оқушының кешенді психологиялық-педагогикалық зерттеуін жүргізу.	2 апта
2	Оқу сауаттылығын арттыру	1. Оқытудың әмбебап дизайны арқылы буынға бөліп оқуын меңгерту. 2. Ерекше білім беруде оқушыларда білім жүйелерін және қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыру, олардың таным белсенділіктерін дамыту. 3. Жеке, топтық жұмыстар, түзету сабақтар өткізуде баланың өз бетінше жұмыс жасауын меңгерту. 4. Оқушыны тарту арқылы мәтінді толық оқып өз ойын еркін айтуға меңгерту	Жыл көлемінде
3	Танымдық деңгейін арттыру	1. Оқытудың әмбебап дизайны арқылы таным қабілеттерін дамытуға арналған көрнекіліктер мен қажетті құрал-жабдықтармен безендіру. 2. Кеңістікті бағдарлау, өз денесін бағдарлау, дене мүшелерінің оң, сол жағын ажырату. 3. Оқытудың әмбебап дизайны арқылы логикалық ойлауын, қабылдау процестерін меңгерту. 4. Танымдық әрекеттерді: ойлауды, зейінді, есте сақтау қабілетін арттыратын материалдарды ұсыну.	Жыл көлемінде
4	Зейін сауаттылығын арттыру	1. Оқытудың әмбебап дизайны арқылы қабылдау, ес, зейінін меңгерту. 2. Дидактикалық материалдар арқылы зейінін бір арнаға шоғырландыру.	Жыл көлемінде

		3. Оқытудың тарту, ұсыну, меңгерту дизайны арқылы есту зейінін дамыту.	
		4. Көру зейінін дамыту.	
5	Жазу сауаттылығын арттыру	1. Оқушының әмбебап дизайнын ұсыну арқылы жазу сауаттылығын меңгерту. 2. Қол саусақ моторикасы арқылы қолды бүгуге және жазуға үйрету. 3. Оқыту мен жазудың әмбебап дизайны арқылы жазуын дамыту. 4. Жас ерекшеліктеріне байланысты оқушылардың жазу дағдыларын арттыру.	Жыл көлемінде
6	Есте сақтау қабілетін арттыру	1. Оқушының логикалық қабілетін арттыратын ойындар ұйымдастыру арқылы есте сақтау қабілетін меңгерту. 2. Оқытудың әмбебап дизайны арқылы балаға ертегілер тыңдату, ертегіні қайталап айтуын ұсыну арқылы есте сақтауын дамыту. 3. Сөздік бейнелі, логикалық есте сақтау қабілеттерін дамыту. 4. Құм терапиясының негізін салған психолог, ғалым К.Г.Юнг. Құм терапиясы арқылы есте сақтау қабілеті, зейіні, қиялы, кеңістік түсініктері, тактильді-кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикасы дамиды.	Жыл көлемінде
7	Математикалық сауаттылығын арттыру	1. Математиканың заңдары мен ережелерін сақтай отырып, сандарды дұрыс жазуын меңгерту. 2. Оқытудың әмбебап дизайны арқылы қарапайым математикалық сауаттылығын меңгерту 3. Тура және кері санау дағдыларын дамыту, өрнектер құрып, есептер шығартып үйрету.	Жыл көлемінде

		4. Геометриялық фигураларды ұсыну, тарту арқылы түсінігін меңгерту.	
		5. Жас ерекшеліктеріне қарай математикалық сауаттылықтарын арттыру мақсатында ойындар ұсыну	
8	Арнайы мамандардың кеңесі	1. Оқушының танымдық психологиялық деңгейіне байланысты дефектолог, логопед және психолог мамандармен жұмыс жасау.	Жыл көлемінде
		2. Оқушыға жайлы орта қалыптастыру барысында арнайы мамандардың көмегімен оқушыға көмек түрлерін ұсыну.	
9	Ата-анамен жұмыс	1. Ата-аналар жиналысы.	Жыл көлемінде
		2. Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен карауға шақыру.	
		3. Ата-аналарды жұмыстың жана форматымен таныстыру.	
		4. Балаға үйде көмек көрсету жөнінде білімдерін нығайту.	
		5. Ата-аналарды баламен жазда жұмыс жасауға шақыру.	
10	Жылдық қорытынды	2022-2023 оқу жылдарындағы педогог-ассистенттің жұмысын қорытындылау.	Мамыр